

"Кедендік декларацияларды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауыштарды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 5 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-технологиялық коммуникациялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3-қосымша) 30-тармағына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімін басшылыққа ала отырып, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы шешті:

1. Қоса беріліп отырған:

"Кедендік декларацияларды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауыштарды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары;

"Кедендік декларацияларды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауыштарды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті;

"Кедендік декларацияларды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауыштарды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы;

"Кедендік декларацияларды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауыштарды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесіне қосылу тәртібі бекітілсін.

2. Осы Шешіммен бекітілген Сипаттамада көзделген электрондық құжаттар мен мәліметтер құрылымдарының техникалық схемаларын әзірлеуді және оларды сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде ақпараттық өзара іс-қимылды іске асыру кезінде пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтер құрылымдарының тізілімінде орналастыруды құзыретіне Еуразиялық экономикалық

одақтың интеграциялық ақпараттық жүйесін құру және дамыту жөніндегі жұмысты үйлестіру кіретін Еуразиялық экономикалық комиссияның департаменті жүзеге асырады деп белгіленсін.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 180 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

В. Христенко

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2016 жылғы 19 қаңтардағы
№ 5 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

"Кедендік декларацияларды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауыштарды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл ҚАҒИДАЛАРЫ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін мынадай актілерге сәйкес әзірленді:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт;

Кеден одағы Комиссиясының "Кедендік декларацияларды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауыштар туралы" 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Жалпы процестерді сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестердің тізбесі және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үндестіру және сипаттау әдістемесі туралы" 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімі.

II. Қолданылу саласы

2. Осы Қағидалар "Кедендік декларацияларды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауыштарды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесі шеңберінде

орындалатын рәсімдерді сипаттауды қоса алғанда, осы процеске (бұдан әрі – жалпы процесс) қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылдың тәртібі мен шарттарын айқындау мақсатында әзірленді.

3. Осы Қағидаларды жалпы процесс шеңберіндегі рәсімдер мен операциялардың орындалу тәртібін бақылау кезінде, сондай-ақ жалпы процестің іске асырылуын қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелердің құрауыштарын жобалау, әзірлеу және пысықтау кезінде жалпы процеске қатысушылар қолданады.

III. Негізгі ұғымдар

4. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін мынаны білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"авторландыру" – жалпы процеске белгілі бір қатысушыға белгілі бір әрекеттерді орындауға құқықтар беру;

"жалпы процесс рәсімдерінің тобы" – жалпы процестің ерекшелігіне қарай қандай да бір белгісі бойынша біріктірілген жалпы процестің рәсімдері;

"жалпы процестің ақпараттық объектісі" – жалпы процесс рәсімдерін орындау барысында туындауы, өзгеруі немесе тоқтатылуы (аяқталуы) туралы мәліметтер жалпы процеске қатысушылар арасында ақпараттық өзара іс-қимыл процесінде берілетін мән-жайлар, әрекеттер немесе оқиғалар;

"орындаушы" – операциялардың орындалуына жауап беретін жалпы процеске қатысушы;

"жалпы процесс операциясы" – жалпы процеске белгілі бір қатысушының функциялары, міндеттері аясына кіретін кезекті, қайталанатын әрекет;

"жалпы процесс рәсімі" – жалпы процеске қатысушылар орындайтын және жалпы процесс шеңберінде нақты міндеттерді шешуге бағытталған жалпы процестің өзара байланысты операцияларының жиынтығы;

"жалпы процестің ақпараттық объектісінің жай-күйі" – жалпы процесс операцияларын орындау кезінде өзгертін, ақпараттық объектінің өмірлік циклінің белгілі бір сатысында оны сипаттайтын қасиет;

"жалпы процеске қатысушы" – Еуразиялық экономикалық комиссия, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің уәкілетті органы; сондай-ақ жалпы процестің нәтижелеріне мүдделі және жалпы процеске қатысуы Еуразиялық экономикалық одақтың құқығын құрайтын халықаралық шарттар мен актілерде регламенттелген заңды немесе жеке тұлға.

IV. Жалпы процесс туралы негізгі мәліметтер

5. Жалпы процестің толық атауы: "Кедендік декларацияларды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауыштарды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану";

6. Жалпы процестің кодпен белгіленуі: Р.СС.10, 1.0.0. нұсқа.

1. Жалпы процестің мақсаты мен міндеттері

7. Жалпы процестің мақсаты кеден мақсаттары үшін қолданылатын сыныптауыштарды, соның ішінде кедендік декларацияларды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауыштарды (бұдан әрі – сыныптауыштар) жүргізу процесін жетілдіру есебінен кедендік құжаттарда көрсетілетін мәліметтердің дұрыстығын бақылау мен жоғарылату және кеден органдарының, сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың және басқа да мүдделі тұлғалардың осындай сыныптауыштарды пайдалану тиімділігін қамтамасыз ету болып табылады.

8. Жалпы процестің мақсаттарына қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

а) Еуразиялық экономикалық комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) сыныптауышта қамтылған толық және өзекті мәліметтерді, осы мәліметтерге енгізілген өзгерістер тарихын, сондай-ақ осындай өзгерістер енгізуге негіз болған мәліметтерді қамтитын нормативтік-анықтамалық ақпараттың жалпы ақпараттық ресурсын нормативтік-анықтамалық ақпараттың кіші жүйесінің штаттық құралдарын, сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің (бұдан әрі – интеграцияланған жүйе) тізілімдері мен тіркелімдерін пайдалана отырып, қалыптастыруын қамтамасыз ету;

б) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына (бұдан әрі тиісінше – мүше мемлекеттер, Одақ) сыныптауышта қамтылған мәліметтерді өзгерту фактісі туралы уақтылы хабарлауды қамтамасыз ету;

в) Одақтың ақпараттық порталында сыныптауышта қамтылған өзекті мәліметтерді ұсынуды, сондай-ақ мүдделі тұлғалардың ақпараттық жүйелерінің осындай мәліметтерге қол жеткізуін қамтамасыз ету;

г) сыныптауышта қамтылған мәліметтерді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына ұсынуды қамтамасыз ету.

2. Жалпы процеске қатысушылар

9. Жалпы процеске қатысушылардың тізбесі 1-кестеде келтірілген.

1-кесте

Жалпы процеске қатысушылардың тізбесі

Кодтық белгілеме	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.ACT.001	Комиссия	Комиссияның сыныптауыштарды қалыптастыруды, жүргізуді және пайдалануды қамтамасыз етуге жауап беретін құрылымдық бөлімшесі

P.CC.10.ACT.001	мүше мемлекеттің уәкілетті органы	кеден ісі саласында уәкілеттік берілген мүше мемлекеттің атқарушы билік органы
P.CC.10.ACT.002	мүдделі тұлға	өз қызметінде сыныптауыштарда қамтылған мәліметтерді пайдаланатын сыртқы экономикалық қызметке қатысушы, заңды немесе жеке тұлға

3. Жалпы процестің құрылымы

10. Жалпы процесс өзінің бағыты бойынша топтастырылған рәсімдер жиынтығын білдіреді:

а) мүше мемлекеттің уәкілетті органдарына сыныптауышта қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдері;

б) мүдделі тұлғаларға сыныптауышта қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдері;

в) мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына сыныптауышта қамтылған мәліметтердің өзгеру фактісі туралы хабарлау рәсімдері.

11. Комиссия сыныптауыштарды қалыптастыруды, сондай-ақ мүше мемлекеттің уәкілетті органдарына және мүдделі тұлғаларға осы сыныптауыштарда қамтылған мәліметтерді ұсынуды жүзеге асырады.

Мүше мемлекеттің уәкілетті органдарына сыныптауышта қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобының шеңберінде жалпы процестің мынадай рәсімдері орындалады :

сыныптауыштың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат алу;

сыныптауышта қамтылған мәліметтерді алу;

сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алу.

Мүдделі тұлғаларға ақпарат ұсыну кезінде мүдделі тұлғаларға сыныптауышта қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына енгізілген "Сыныптауышта қамтылған мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталы арқылы алу" рәсімі орындалады.

Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына сыныптауышта қамтылған мәліметтердің өзгеру фактісі туралы хабарлау рәсімдері тобының шеңберінде "Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына сыныптауышта қамтылған мәліметтердің өзгеру фактісі туралы хабарлау" рәсімі орындалады.

12. Жалпы процесс құрылымының келтірілген сипаттамасы 1-суретте берілген.



13. Операциялардың егжей-тегжейлі сипаттамасын қоса алғанда, өз мақсаты бойынша топтастырылған жалпы процесс рәсімдерінің орындалу тәртібі Осы Қағидалардың VIII бөлімінде келтірілген.

14. Әрбір рәсімдер тобы үшін жалпы процесс рәсімдері арасындағы байланысты және олардың орындалу тәртібін көрсететін жалпы схема келтіріледі. Рәсімдердің жалпы схемасы UML графикалық нотация (моделдеудің біріздендірілген тілі – Unified Modeling Language) пайдаланыла отырып жасалған және мәтіндік сипаттамамен жабдықталған.

4. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына сыныптауышта қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобы

15. Сыныптауышта қамтылған мәліметтерді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына ұсыну рәсімдері мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелерінен интеграцияланған жүйенің интеграциялық платформасы арқылы тиісті сұрау салу алынған кезде орындалады.

Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 5 шешімімен бекітілген "Кедендік декларацияларды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауыштарды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне (бұдан әрі – Ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) сәйкес сыныптауышта қамтылған мәліметтерді ұсыну туралы сұрау салуларды қалыптастырып, Комиссияға ұсынады. Ұсынылатын сұрау салулардың форматы мен

құрылымы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 5 шешімімен бекітілген "Кедендік декларацияларды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауыштарды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына (бұдан әрі – Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы) сәйкес келуге тиіс.

Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына сыныптауышта қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдерін орындау шеңберінде мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелерінен келіп түсетін сұрау салудың мынадай түрлері өңделеді:

- сыныптауыштың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салу;
- сыныптауышта қамтылған мәліметтерге сұрау салу;
- сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпаратқа сұрау салу.

Сыныптауыштың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салуды мүше мемлекеттің уәкілетті органының ақпараттық жүйесінде сақтаулы сыныптауышта қамтылған мәліметтерді сыныптауышта қамтылған және Комиссияда сақтаулы мәліметтермен сәйкестендіру қажеттілігін бағалау мақсатында мүше мемлекеттің уәкілетті органы орындайды. Сұрау салуды жүзеге асыру кезінде "Сыныптауыштың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат алу" (P.CC.10.PRC.001) рәсімі орындалады.

Сыныптауышта қамтылған мәліметтерге сұрау салу мүше мемлекеттің уәкілетті органының сыныптауышта қамтылған және Комиссияда сақтаулы мәліметтерді алуы мақсатында орындалады. Сыныптауышта қамтылған мәліметтерге не толық көлемде (тарихи деректер ескеріле отырып) не белгілі бір күндегі жағдай бойынша сұрау салынады. Сыныптауышта қамтылған мәліметтерге толық көлемде сұрау салу мүше мемлекеттің ақпараттық жүйесіне көрсетілген мәліметтерді бастапқы жүктеу кезінде, мысалы жалпы процесті инициализациялау, оған жалпы процеске жаңа қатысушыны қосу, іркілістен кейін ақпаратты қалпына келтіру кезінде пайдаланылады. Сұрау салуды жүзеге асыру кезінде "Сыныптауышта қамтылған мәліметтерді алу" (P.CC.10.PRC.002) рәсімі орындалады.


Сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпаратқа сұрау салу кезінде сұрау салу параметрлеріне қарай мынадай мәліметтер ұсынылады:

сұрау салуда көрсетілген кезден бастап сұрау салу орындалған кезге дейін болған қосу немесе өзгерту;

деректемелері сұрау салуда көрсетілген нормативтік құқықтық актінің негізінде болған қосу немесе өзгерту.

Сұрау салуды жүзеге асыру кезінде "Сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алу" (P.CC.10.PRC.003) рәсімі орындалады.

16. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына сыныптауышта қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 2-суретте берілген.



2-сурет. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына сыныптауышта қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобының жалпы схемасы

17. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына сыныптауышта қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 2-кестеде келтірілген.

2-кесте

Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына сыныптауышта қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

Кодтық белгілеме	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.CC.10.PRC.001	сыныптауыштың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат алу	рәсім мүше мемлекеттің уәкілетті органының ақпараттық жүйесінде сақтаулы сыныптауышта қамтылған мәліметтерді сыныптауышта қамтылған және Комиссияда сақтаулы мәліметтермен үндестіру қажеттігін мүше мемлекеттің уәкілетті органының бағалауына арналған
		рәсім мүше мемлекеттің уәкілетті органының сыныптауышта

P.CC.10.PRC.002	сыныптауышта қамтылған мәліметтерді алу	қамтылған және Комиссияда сақтаулы мәліметтерді алуына арналған
P.CC.10.PRC.003	сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алу	рәсім мүше мемлекеттің уәкілетті органының ақпараттық жүйесінде сақтаулы сыныптауышта қамтылған мәліметтерді сыныптауышта қамтылған және Комиссияда сақтаулы мәліметтермен үндестіруге арналған

5. Мүдделі тұлғаларға сыныптауышта қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобы

18. Мүдделі тұлғаларға сыныптауышта қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдері Одақтың ақпараттық порталын пайдалану арқылы орындалады.

Одақтың ақпараттық порталы арқылы мәліметтерді ұсыну кезінде осы порталдың веб-интерфейсі не осы порталда орналастырылған сервистер пайдаланылады. Веб-интерфейс пайдаланылған кезде пайдаланушы браузер терезесінде сыныптауышта қамтылған мәліметтерді іздеу және (немесе) жүктеу параметрлерін береді, браузер терезесінде берілген сыныптауышта қамтылған мәліметтермен жұмысты жүзеге асырады.

Одақтың ақпараттық порталында орналастырылған сервистерді пайдалану кезінде өзара іс-қимыл мүдделі тұлғаның ақпараттық жүйесі мен Одақтың ақпараттық порталы арасында жүзеге асырылады.

19. Мүдделі тұлғаларға сыныптауышта қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 3-суретте берілген.



3-сурет. Мүдделі тұлғаларға сыныптауышта қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобының жалпы схемасы

20. Мүдделі тұлғаларға сыныптауышта қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 3-кестеде келтірілген.

3-кесте

Мүдделі тұлғаларға сыныптауышта қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі


Кодтық белгілеме	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.CC.10.PRC.004	сыныптауышта қамтылған мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталы арқылы алу	рәсім сыныптауышта қамтылған мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталы арқылы осы порталдың веб-интерфейсін не осы порталда орналастырылған сервистерді пайдалана отырып алуға арналған

6. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына сыныптауышта қамтылған мәліметтердің өзгеру фактісі туралы хабарлау рәсімдерінің тобы

21. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына сыныптауышта қамтылған мәліметтердің өзгеру фактісі туралы хабарлау рәсімдері интеграцияланған жүйе арқылы жүзеге асырылады.

Сыныптауышта қамтылған мәліметтерге өзгерістер енгізу кезінде мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына осы мәліметтердің өзгеру фактісі туралы хабарлау автоматты режимде жүзеге асырылады.

22. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына сыныптауышта қамтылған мәліметтердің өзгеру фактісі туралы хабарлау рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 4-суретте берілген.



4-сурет. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына сыныптауышта қамтылған мәліметтердің өзгеру фактісі туралы хабарлау рәсімдері тобының жалпы схемасы

23. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына сыныптауышта қамтылған мәліметтердің өзгеру фактісі туралы хабарлау рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 4-кестеде келтірілген.

4-кесте

Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына сыныптауышта қамтылған мәліметтердің өзгеру фактісі туралы хабарлау рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

--	--	--

Кодтық белгілеме	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.CC.10.PRC.005	мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына сыныптауышта қамтылған мәліметтердің өзгеру фактісі туралы хабарлау	рәсім интеграцияланған жүйе арқылы мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына сыныптауышта қамтылған мәліметтердің өзгеру фактісі туралы хабарлауға арналған

V. Жалпы процестің ақпараттық объектілері

24. Жалпы процеске қатысушылар арасында ақпараттық өзара іс-қимыл процесінде олар туралы немесе олардан мәліметтер берілетін ақпараттық объектілердің тізбесі 5-кестеде келтірілген.

5-кесте

Ақпараттық объектілердің тізбесі

Кодтық белгілеме	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.CC.10.BEN.001	сыныптауыштың жай-күйі туралы ақпарат	сыныптауыштың жай-күйі туралы ақпарат (соңғы рет жаңартылған күні мен уақыты)
P.CC.10.BEN.002	сыныптауыш	сыныптауышта қамтылған мәліметтер

VI. Жалпы процеске қатысушылардың жауапкершілігі

25. Мәліметтердің уақтылы және толық берілуін қамтамасыз етуге бағытталған талаптарды сақтамағаны үшін Комиссияның ақпараттық өзара іс-қимылға қатысатын лауазымды адамдары мен қызметкерлерін тәртіптік жауаптылыққа тарту 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа, Одақтың құқығын құрайтын өзге де халықаралық шарттар мен актілерге сәйкес, ал мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының лауазымды адамдары мен қызметкерлерін тәртіптік жауаптылыққа тарту мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

VII. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштары

26. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі 6-кестеде келтірілген.

6-кесте

Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштары

Кодтық белгілеме	Атауы	Типі	Сипаттамасы
1	2	3	4


P.CLS.001	әлем елдерінің сыныптауышы	сыныптауыш	елдер атауларының тізбесін және оларға сәйкес келетін кодтарды қамтиды (Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне сәйкес қолданылады)
P.CLS.012	Еуразиялық экономикалық одақтың нормативтік-анықтамалық ақпаратының тізілімі	анықтамалық	Одақтың нормативтік-анықтамалық ақпаратының тізбесін қамтиды
P.CLS.035	Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін актілер түрлерінің сыныптауышы	сыныптауыш	Одақтың құқығына кіретін актілер түрлері атауының тізбесін және оларға сәйкес келетін кодтарды қамтиды
P.CLS.036	Еуразиялық экономикалық одақ органдарының анықтамалығы	анықтамалық	Еуразиялық экономикалық одақ органдары атауының тізбесін және оларға сәйкес келетін кодтарды қамтиды

VIII. Жалпы процесс рәсімдері

1. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына сыныптауышта қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдері

"Сыныптауыштың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат алу" (P.CC.10.PRC.001) рәсімі

27. "Сыныптауыштың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат алу" (P.CC.10.PRC.001) рәсімінің орындалу схемасы 5-суретте берілген.



5-сурет. "Сыныптауыштың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат алу" (P.CC.10.PRC.001) рәсімінің орындалу схемасы

28. "Сыныптауыштың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат алу" (P.CC.10.PRC.001) рәсімі мүше мемлекеттің уәкілетті органының ақпараттық жүйесінде сақтаулы сыныптауышта қамтылған мәліметтердің жай-күйі (соңғы рет жаңартылған күні мен уақыты) туралы ақпаратты сыныптауышта қамтылған және Комиссияда сақтаулы, тиісті мәліметтермен үндестіру қажеттігін бағалау мақсатында орындалады.

29. Бірінші "Сыныптауыштың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салу" (P.CC.10.OPR.001) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы сыныптауыштың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат алуға сұрау салуды қалыптастырады және оны Комиссияға жібереді.

30. Сыныптауыштың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салу Комиссияға келіп түскен кезде "Сыныптауыштың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты өңдеу және ұсыну" (P.CC.10.OPR.002) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша сыныптауыштың жай-күйі (соңғы рет жаңартылған күні мен уақыты) туралы ақпарат қалыптастырылады және мүше мемлекеттің уәкілетті органына ұсынылады.

31. Сыныптауыштың жай-күйі (соңғы рет жаңартылған күні мен уақыты) туралы ақпарат мүше мемлекеттің уәкілетті органына келіп түскен кезде "Сыныптауыштың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу" (P.CC.10.OPR.003) операциясы орындалады.

32. Сыныптауыштың жай-күйі (соңғы рет жаңартылған күні мен уақыты) туралы ақпаратты мүше мемлекеттің уәкілетті органының алуы "Сыныптауыштың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат алу" (P.CC.10.PRC.001) рәсімінің орындалу нәтижесі болып табылады.

33. "Сыныптауыштың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат алу" (P.CC.10.PRC.001) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 7-кестеде келтірілген.

7-кесте

"Сыныптауыштың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат алу" (P.CC.10.PRC.001) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

Кодтық белгілеме	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.CC.10.OPR.001	сыныптауыштың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салу	осы Қағидалардың 8-кестесінде келтірілген

P.CC.10.OPR.002	сыныптауыштың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты өңдеу және ұсыну	осы Қағидалардың 9-кестесінде келтірілген
P.CC.10.OPR.003	сыныптауыштың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 10-кестесінде келтірілген

8-кесте

"Сыныптауыштың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салу" (P.CC.10.OPR.001) операциясының сипаттамасы

P/c №	Элементтің белгілемесі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгілеме	P.CC.10.OPR.001
2	Операцияның атауы	сыныптауыштың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салу
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	мүше мемлекеттің уәкілетті органының ақпараттық жүйесінде сақтаулы сыныптауыштың жай-күйі (соңғы рет жаңартылған күні мен уақыты) туралы ақпаратты Комиссияда сақтаулы тиісті ақпаратпен үндестіру қажет болған кезде орындалады
5	Шектеулер	сұрау салудың форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес сыныптауыштың соңғы рет жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салуды қалыптастырады және Комиссияға жібереді
7	Нәтижелер	сыныптауыштың соңғы рет жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салу Комиссияға жіберілді

9-кесте

"Сыныптауыштың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты өңдеу және ұсыну" (P.CC.10.OPR.002) операциясының сипаттамасы

--	--	--

Р/с №	Элементтің белгілемесі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгілеме	P.CC.10.OPR.002
2	Операцияның атауы	сыныптауыштың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты өңдеу және ұсыну
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	орындаушы сыныптауыштың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салуды алған кезде орындалады ("Сыныптауыштың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салу" (P.CC.10.OPR.001) операциясы)
5	Шектеулер	сұрау салудың форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс. Авторландыру талап етіледі, мәліметтерді тек мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары сұратады
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес алынған сұрау салуды өңдеуді жүзеге асырады, сұрау салуға жауапты қалыптастырады және жібереді
7	Нәтижелер	мүше мемлекеттің уәкілетті органына сыныптауыштың соңғы рет жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты қамтитын хабар жіберілді

10-кесте

"Сыныптауыштың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу" (P.CC.10.OPR.003) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгілемесі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгілеме	P.CC.10.OPR.003
2	Операцияның атауы	сыныптауыштың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы

6-сурет. "Сыныптауышта қамтылған мәліметтерді алу" (P.CC.10.PRC.002) рәсімінің орындалу схемасы

35. "Сыныптауышта қамтылған мәліметтерді алу" (P.CC.10.PRC.002) рәсімі сыныптауышта қамтылған мәліметтерді мүше мемлекеттің уәкілетті органының алуы мақсатында орындалады.

36. Бірінші "Сыныптауышта қамтылған мәліметтерге сұрау салу" (P.CC.10.OPR.004) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы сыныптауышта қамтылған мәліметтерді алуға сұрау салуды қалыптастырады және Комиссияға жібереді. Берілген параметрлерге қарай сұрау салудың 2 түрі қалыптастырылуы мүмкін:

мәліметтерге толық көлемде (тарихи деректер ескеріле отырып) сұрау салу;
белгілі бір күндегі жағдай бойынша көрсетілген мәліметтерге сұрау салу.

37. Сыныптауышта қамтылған мәліметтерге сұрау салу Комиссияға келіп түскен кезде "Сыныптауышта қамтылған мәліметтерді өңдеу және ұсыну" (P.CC.10.OPR.005) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша сұрау салынатын мәліметтер қалыптастырылады және мүше мемлекеттің уәкілетті органына беріледі немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екендігі туралы хабарлама жіберіледі.

38. Сыныптауышта қамтылған мәліметтер мүше мемлекеттің уәкілетті органына келіп түскен кезде "Сыныптауышта қамтылған мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.10.OPR.006) операциясы орындалады.

39. Сыныптауышта қамтылған мәліметтерді мүше мемлекеттің уәкілетті органының алуы "Сыныптауышта қамтылған мәліметтерді алу" (P.CC.10.PRC.002) рәсімінің орындалу нәтижесі болып табылады. Сыныптауышта сұрау салу параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтер болмаған кезде мұндай мәліметтердің жоқ екендігі туралы хабарлама қалыптастырылады.

40. "Сыныптауышта қамтылған мәліметтерді алу" (P.CC.10.PRC.002) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 11-кестеде келтірілген.

11-кесте

"Сыныптауышта қамтылған мәліметтерді алу" (P.CC.10.PRC.002) рәсімінің шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

Кодтық белгілеме	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.CC.10.OPR.004	сыныптауышта қамтылған мәліметтерге сұрау салу	осы Қағидалардың 12-кестесінде келтірілген
P.CC.10.OPR.005	сыныптауышта қамтылған мәліметтерді өңдеу және ұсыну	осы Қағидалардың 13-кестесінде келтірілген

P.CC.10.OPR.006	сыныптауышта қамтылған мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 14-кестесінде келтірілген
-----------------	--	---

12-кесте

"Сыныптауышта қамтылған мәліметтерге сұрау салу" (P.CC.10.OPR.004) операциясының сипаттамасы

P/c №	Элементтің белгілемесі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгілеме	P.CC.10.OPR.004
2	Операцияның атауы	сыныптауышта қамтылған мәліметтерге сұрау салу
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	сыныптауышта қамтылған мәліметтерді алу қажет болған кезде орындалады
5	Шектеулер	сұрау салудың форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес сыныптауышта қамтылған мәліметтерге сұрау салуды қалыптастырады және Комиссияға жібереді. Сыныптауышта қамтылған мәліметтерді толық көлемде алу (тарихи деректер ескеріле отырып) қажет болған кезде сұрау салуда жаңартылған күні көрсетілмейді. Белгілі бір күндегі жағдай бойынша мәліметтер алу қажет болған кезде сұрау салуда жаңартылған күні көрсетіледі.
7	Нәтижелер	сыныптауышта қамтылған мәліметтерге сұрау салу, Комиссияға жіберілді

13-кесте

"Сыныптауышта қамтылған мәліметтерді өңдеу және ұсыну" (P.CC.10.OPR.005) операциясының сипаттамасы

P/c №	Элементтің белгілемесі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгілеме	P.CC.10.OPR.005

2	Операцияның атауы	сыныптауышта қамтылған мәліметтерді өңдеу және ұсыну
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	орындаушы сыныптауышта қамтылған мәліметтерге сұрау салуды алған кезде орындалады ("Сыныптауышта қамтылған мәліметтерге сұрау салу" (Р.СС.10 .OPR.004) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс. Авторландыру талап етіледі, мәліметтерді тек мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары сұратады
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес сұрау салуды өңдеуді жүзеге асырады, сұрау салуда көрсетілген параметрлерге сәйкес сыныптауышта қамтылған мәліметтерді қалыптастырады және мүше мемлекеттің уәкілетті органына ұсынады. Сыныптауышта қамтылған мәліметтерге сұрау салуды толық көлемде алу кезінде тарихи деректермен қоса, сыныптауышта қамтылған барлық мәлімет ұсынылады. Егер анықтамалық деректер немесе анықтамалық деректердің бөлімі мүше мемлекеттің ұлттық ерекшеліктері ескеріле отырып жасалған болса, мұндай мәліметтер тиісті мүше мемлекеттің кодтық белгілемесін қамтуға тиіс. Көрсетілген күндегі жағдай бойынша мәліметтерді ұсыну кезінде тиісті күндегі жағдай бойынша сыныптауышта қамтылған мәліметтерді іріктеу жүзеге асырылады. Сыныптауышта сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтер болмаған кезде мүше мемлекеттің уәкілетті органына мұндай мәліметтердің жоқ екендігі туралы хабарлама жіберіледі.

7	Нәтижелер	мүше мемлекеттің уәкілетті органына сыныптауышта қамтылған мәліметтер ұсынылды немесе сұрау салу параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екендігі туралы хабарлама жіберілді
---	-----------	--


14-кесте

"Сыныптауышта қамтылған мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.10.OPR.006) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгілемесі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгілеме	P.CC.10.OPR.006
2	Операцияның атауы	сыныптауышта қамтылған мәліметтерді қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	орындаушы сыныптауышта қамтылған мәліметтерді немесе сұрау салу параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екендігі туралы хабарламаны алған кезде орындалады ("Сыныптауышта қамтылған мәліметтерді өңдеу және ұсыну" (P.CC.10.OPR.005) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің немесе хабарламаның форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы сыныптауышта қамтылған мәліметтерді немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екендігі туралы хабарламаны алады және оларды өңдеуді жүзеге асырады
7	Нәтижелер	сыныптауышта қамтылған мәлімет не сұрау салу параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екендігі туралы хабарлама өңделді

"Сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алу" (P.CC.10.PRC.003) рәсімі

41. "Сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алу" (P.CC.10.PRC.003) рәсімінің орындалу схемасы 7-суретте берілген.



7-сурет. "Сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алу" (P.CC.10.PRC.003) рәсімінің орындалу схемасы

42. "Сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алу" (P.CC.10.PRC.003) рәсімі сыныптауышта қамтылған, қосылуы немесе өзгертілуі сұрау салуда көрсетілген кезден бастап осы сұрау салу орындалған кезге дейін болған мәліметтерді мүше мемлекеттің уәкілетті органының алуы мақсатында орындалады. Рәсім, егер "Сыныптауыштың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат алу" (P.CC.10.PRC.001) рәсімін орындаудың нәтижесінде сыныптауышта қамтылған мәліметтерді мүше мемлекеттің уәкілетті органының соңғы рет алған күні мен уақыты сыныптауыштың Комиссияда соңғы рет өзгертілген күні мен уақытынан ерте болып табылатыны анықталған болса, орындалады.

43. Бірінші "Сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпаратқа сұрау салу" (P.CC.10.OPR.007) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алуға сұрау салу қалыптастырады және Комиссияға жібереді.

44. Сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпаратқа сұрау салу Комиссияға келіп түскен кезде "Сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты өңдеу және ұсыну" (P.CC.10.OPR.008) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері

бойынша сұрау салуда көрсетілген күннен бастап сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы мәліметтер қалыптастырылады және мүше мемлекеттің уәкілетті органына ұсынылады немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екендігі туралы хабарлама жіберіледі.

45. Мүше мемлекеттің уәкілетті органына сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы мәліметтер не сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екендігі туралы хабарлама келіп түскен кезде "Сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу" (P.CC.10.OPR.009) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органының ақпараттық жүйесінде сақтаулы, сыныптауышта қамтылған мәліметтерді Комиссияда сақтаулы мәліметтермен үндестіру жүзеге асырылады.

46. Сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы мәліметтерді мүше мемлекеттің уәкілетті органының алуы және мүше мемлекеттің уәкілетті органының ақпараттық жүйесінде сақтаулы, сыныптауышта қамтылған мәліметтерді Комиссияда сақтаулы мәліметтермен үндестіру "Сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алу" (P.CC.10.PRC.003) рәсімінің орындалу нәтижесі болып табылады.

47. "Сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алу" (P.CC.10.PRC.003) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 15-кестеде келтірілген.

15-кесте

"Сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алу" (P.CC.10.PRC.003) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

Кодтық белгілеме	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.CC.10.OPR.007	сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпаратқа сұрау салу	осы Қағидалардың 16-кестесінде келтірілген
P.CC.10.OPR.008	сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты өңдеу және ұсыну	осы Қағидалардың 17-кестесінде келтірілген
P.CC.10.OPR.009	сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 18-кестесінде келтірілген

16-кесте

"Сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпаратқа сұрау салу" (P.CC.10.OPR.007) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгілемесі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгілеме	P.CC.10.OPR.007

2	Операцияның атауы	сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпаратқа сұрау салу
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алу қажет болған кезде орындалады
5	Шектеулер	сұрау салудың форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алуға сұрау салуды қалыптастырады және Комиссияға жібереді. Сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпаратқа сұрау салу 2 тәсілмен жүзеге асырылуы мүмкін: соңғы рет жаңартылған күні бойынша немесе сыныптауышта қамтылған мәліметтерді қосуға немесе өзгертуге негіз болған Одақ актісінің нөмірі мен күні бойынша
7	Нәтижелер	сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алуға сұрау салу Комиссияға жіберілді

17-кесте

"Сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты өңдеу және ұсыну" (Р.СС.10.OPR.008) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгілемесі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгілеме	Р.СС.10.OPR.008
2	Операцияның атауы	сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты өңдеу және ұсыну
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	орындаушы сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алуға сұрау салуды алған кезде орындалады ("Сыныптауышқа енгізілген

		өзгерістер туралы ақпаратқа сұрау салу " (P.CC.10.OPR.007) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын ақпараттың форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс. Авторландыру талап етіледі, мәліметтерді тек мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары сұратады
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес алынған сұрау салуды өңдеуді жүзеге асырады, сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы мәліметтерді немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екендігі туралы хабарламаны қалыптастырады және мүше мемлекеттің уәкілетті органына ұсынады. Егер анықтамалық деректер немесе анықтамалық деректердің бөлімі мүше мемлекеттің ұлттық ерекшеліктері ескеріле отырып жасалған жағдайда, сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпарат тиісті мүше мемлекеттің кодтық белгілемесін қамтуға тиіс
7	Нәтижелер	сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы мәліметтер немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екендігі туралы хабарлама мүше мемлекеттің уәкілетті органына жіберілді

18-кесте

"Сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу" (P.CC.10.OPR.009) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгілемесі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгілеме	P.CC.10.OPR.009
2	Операцияның атауы	сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу


3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	орындаушы сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы мәліметтерді немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екендігі туралы хабарламаны қамтитын хабарды алған кезде орындалады ("Сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты өңдеу және ұсыну" (P.CC.10.OPR.008) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің немесе хабарламаның форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы мәліметтерді немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екені туралы хабарламаны алады және оларды өңдеуді жүзеге асырады. Егер орындаушының сыныптауышында анықтамалық деректер жазбасының алынған мәліметтердегідей коды және 01 ("Әрекет етеді") мәртебесі бар жазба жоқ болса, мұндай жазба орындаушының сыныптауышына қосылады. Егер алынған мәліметтерде ("Әрекет етеді") мәртебесі бар және анықтамалық деректер жазбасының орындаушының сыныптауышындағыдай коды жазба болса, мұндай жазба орындаушының сыныптауышында жаңартылады. Егер алынған мәліметтерде 00 ("Әрекет етпейді") мәртебесі және анықтамалық деректердің орындаушының сыныптауышындағыдай коды жазба бар болса, мұндай жазба орындаушының сыныптауышынан жойылады (әрекет етпейтін ретінде көрсетіледі). Орындаушының сыныптауышын

		өзгерту тарихы туралы мәліметтерді сақтау қағидаларын орындаушы айқындайды
7	Нәтижелер	сыныптауышта қамтылған және мүше мемлекеттің уәкілетті органының ақпараттық жүйесінде сақтаулы мәлімет Комиссияда сақтаулы мәліметтермен үндестірілді

2. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына сыныптауышта қамтылған мәліметтердің өзгеру фактісі туралы хабарлау рәсімдері

"Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына сыныптауышта қамтылған мәліметтердің өзгеру фактісі туралы хабарлау" (P.CC.10.PRC.005) рәсімі

48. "Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына сыныптауышта қамтылған мәліметтердің өзгеру фактісі туралы хабарлау" (P.CC.10.PRC.005) рәсімінің орындалу схемасы 8-суретте берілген.



8-сурет. "Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына сыныптауышта қамтылған мәліметтердің өзгеру фактісі туралы хабарлау" (P.CC.10.PRC.005) рәсімінің орындалу схемасы

49. "Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына сыныптауышта қамтылған мәліметтердің өзгеру фактісі туралы хабарлау" (P.CC.10.PRC.005) рәсімі сыныптауышта қамтылған және Комиссияда сақтаулы мәліметтерді өзгерту кезінде орындалады.

50. Бірінші "Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына сыныптауышта қамтылған мәліметтердің өзгеру фактісі туралы ақпаратты жіберу" (P.CC.10.OPR.010)

рәсімі орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша Комиссия сыныптауышта қамтылған мәліметтерге енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты қалыптастырады және мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді.

51. Мүше мемлекеттің уәкілетті органына сыныптауышта қамтылған мәліметтерге енгізілген өзгерістер туралы ақпарат келіп түскен кезде "Сыныптауышта қамтылған мәліметтердің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу" (P.CC.10.OPR.011) операциясы орындалады.

52. Сыныптауышта қамтылған мәліметтерге енгізілген өзгерістер (мәліметтердің жаңартылған күні мен уақыты) туралы ақпаратты мүше мемлекеттің уәкілетті органының алуы "Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына сыныптауышта қамтылған мәліметтердің өзгеру фактісі туралы хабарлау" (P.CC.10.PRC.005) рәсімінің орындалу нәтижесі болып табылады.

53. "Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына сыныптауышта қамтылған мәліметтердің өзгеру фактісі туралы хабарлау" (P.CC.10.PRC.005) рәсімінің шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 19-кестеде келтірілген.

19-кесте

"Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына сыныптауышта қамтылған мәліметтердің өзгеру фактісі туралы хабарлау" (P.CC.10.PRC.005) рәсімінің шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

Кодтық белгілеме	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.CC.10.OPR.010	мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына сыныптауышта қамтылған мәліметтердің өзгеру фактісі туралы ақпаратты жіберу	осы Қағидалардың 20-кестесінде келтірілген
P.CC.10.OPR.011	сыныптауышта қамтылған мәліметтердің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 21-кестесінде келтірілген

20-кесте

"Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына сыныптауышта қамтылған мәліметтердің өзгеру фактісі туралы ақпаратты жіберу" (P.CC.10.OPR.010) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгілемесі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгілеме	P.CC.10.OPR.010
2	Операцияның атауы	мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына сыныптауышта қамтылған мәліметтердің өзгеру фактісі туралы ақпаратты жіберу
3	Орындаушы	Комиссия

4	Орындау шарттары	сыныптауышта қамтылған және Комиссияда сақтаулы мәліметтердің өзгеру фактісі туралы (соңғы рет жаңартылған күні мен уақыты туралы) мүше мемлекеттің уәкілетті органдарына хабарлау мақсатында орындалады
5	Шектеулер	ақпараттың форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес сыныптауышта қамтылған мәліметтердің өзгеру фактісі туралы (соңғы рет жаңартылған күні мен уақыты туралы) хабарды қалыптастырады және мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді
7	Нәтижелер	сыныптауышта қамтылған мәліметтердің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты қамтитын хабар мүше мемлекеттің уәкілетті органына жіберілді

21-кесте

"Сыныптауышта қамтылған мәліметтердің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу" (P.CC.10.OPR.011) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгілемесі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгілеме	P.CC.10.OPR.011
2	Операцияның атауы	сыныптауышта қамтылған мәліметтердің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	орындаушы сыныптауышта қамтылған мәліметтердің жаңартылған уақыты мен күні туралы ақпаратты қамтитын хабарды алған кезде орындалады ("Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына сыныптауышта

		қамтылған мәліметтердің өзгеру фактісі туралы ақпаратты жіберу" (Р.СС.10.ОПР.010) операциясы)
5	Шектеулер	ақпараттың форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес сыныптауышта қамтылған мәліметтерді жаңарту күні мен уақыты туралы алынған ақпаратты өңдеуді жүзеге асырады
7	Нәтижелер	сыныптауышта қамтылған мәліметтердің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат алынды

IX. Штаттан тыс жағдайлардағы іс-қимыл тәртібі

54. Жалпы процесс рәсімдерін орындау кезінде әдеттегі режимде мәліметтерді өңдеу мүмкін болмайтын айрықша жағдайлар орын алуы ықтимал. Бұл техникалық ақаулар, құрылымдық және логикалық бақылау қателері пайда болған кезде және өзге де жағдайларда туындауы мүмкін.

55. Құрылымдық және логикалық бақылау қателері пайда болған кезде мүше мемлекеттің уәкілетті органы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес қате туралы хабарлама алынған хабарға Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына және хабарларды бақылауға қойылатын талаптарға сәйкестігі тұрғысынан тексеруді жүзеге асырады.

56. Мәліметтердің көрсетілген құжаттардың талаптарына сәйкес келмейтіні анықталған жағдайда, мүше мемлекеттің уәкілетті органы белгіленген тәртіпке сәйкес анықталған қатені жою үшін қажетті шараларды қабылдайды.

57. Штаттан тыс жағдайларды шешу мақсатында мүше мемлекеттер бір-бірін және Комиссияны мүше мемлекеттердің осы Қағидаларда көзделген талаптарды орындау құзыретіне жататын уәкілетті органдары туралы хабардар етеді, сондай-ақ жалпы процесті іске асыру кезінде техникалық қолдауды қамтамасыз етуге жауапты адамдар туралы мәліметтерді ұсынады.

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2016 жылғы 19 қаңтардағы
№ 5 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

"Кедендік декларацияларды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауыштарды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл РЕГЛАМЕНТІ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Регламент Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін мына актілерге сәйкес әзірленді:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт;

Кеден одағы Комиссиясының "Кедендік декларацияларды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауыштар туралы" 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Жалпы процестерді сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестердің тізбесі және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үндестіру және сипаттау әдістемесі туралы" 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімі.

II. Қолданылу саласы

2. Осы Регламент жалпы процеске қатысушылардың "Кедендік декларацияларды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауыштарды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесінің (бұдан әрі – жалпы процесс) транзакцияларын орындау тәртібі мен шарттарын, сондай-ақ оларды орындау кезіндегі өздерінің рөлін біркелкі түсінуін қамтамасыз ету мақсатында әзірленген.

3. Осы Регламент жалпы процеске қатысушылар арасында ақпараттық өзара іс-қимылды іске асыруға тікелей бағытталған, жалпы процесс операцияларын орындау тәртібі мен шарттарына қойылатын талаптарды айқындайды.

4. Осы Регламентті жалпы процесс шеңберіндегі рәсімдер мен операцияларды орындау тәртібін бақылау кезінде, сондай-ақ осы жалпы процестің іске асырылуын қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелер құрамдастарын жобалау, әзірлеу және пысықтау кезінде жалпы процеске қатысушылар қолданады.

III. Негізгі ұғымдар

5. Осы Регламенттің мақсаттары үшін мыналарды білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"аутентификациялау" – жалпы процеске қатысушы ұсынған және оны бірегей сәйкестендіретін белгінің осы жалпы процеске қатысушыға тиесілігін тексеру және оның теңтүпнұсқалылығын растау;

"бастамашы" – жалпы процесс транзакцияларын орындауды бастайтын ақпараттық өзара іс-қимылға қатысушы;

"электрондық құжаттың (мәліметтердің) деректемесі" – белгілі бір контексте бөлінбейтін болып саналатын электрондық құжат (мәліметтер) деректерінің бірлігі;

"респондент" – жалпы процесс транзакциясының бастамашысынан хабар қабылдайтын және жалпы процесс транзакциясының шаблонында айқындалған сценарий бойынша оған ден қоятын ақпараттық өзара іс-қимылға қатысушы;

"ақпараттық объектінің жай-күйі" – жалпы процесс операцияларын орындау кезінде өзгеретін, жалпы процесс рәсімдерін орындаудың белгілі бір кезеңінде ақпараттық объектіні сипаттайтын қасиет;

"жалпы процесс транзакциясы" – әрбір қатысушы өзінің жалпы процесс операциясы шеңберінде жүзеге асыратын, екі қатысушы арасындағы қарапайым өзара ақпараттық іс-қимыл.

Осы Регламентте пайдаланылатын өзге де ұғымдар Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 20 жылғы № шешімімен бекітілген "Кедендік декларацияларды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауыштарды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидаларының (бұдан әрі – Ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары) 4-тармағында айқындалған мәндерде қолданылады.

IV. Жалпы процесс шеңберіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл туралы негізгі мәліметтер

1. Ақпараттық өзара іс-қимылға қатысушылар

6. Жалпы процесс шеңберіндегі ақпараттық өзара іс-қимылға қатысушылар рөлдерінің тізбесі 1-кестеде келтірілген.

1-кесте

Ақпараттық өзара іс-қимылға қатысушылар рөлдерінің тізбесі

Рөлдің атауы	Рөлдің сипаттамасы	Рөлді орындайтын қатысушы
1	2	3
	Еуразиялық экономикалық комиссияға сұрау салуды	

Сыныптауышты пайдаланушы	қалыптастыруды және сыныптауышта қамтылған мәліметтерді алуды жүзеге асырады	Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің уәкілетті органы (P.CC.10.ACT.001)
Нормативтік-анықтамалық ақпарат базасының иесі	сыныптауышты қалыптастыруды жүзеге асырады, сыныптауышта қамтылған мәліметтерді ұсынады	Еуразиялық экономикалық комиссия (P.ACT.001)

2. Ақпараттық өзара іс-қимылдың құрылымы

7. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің уәкілетті органы мен Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі тиісінше – Одақ, мүше мемлекеттің уәкілетті органы, Комиссия) арасындағы жалпы процесс шеңберіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл жалпы процесс рәсімдеріне сәйкес жүзеге асырылады:

кеден мақсаттары үшін қолданылатын сыныптауышта, соның ішінде кедендік декларацияларды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышта (бұдан әрі – сыныптауыш) қамтылатын мәліметтерді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына ұсыну кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл;

мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына сыныптауышта қамтылған мәліметтердің өзгеру фактісі туралы хабарлау кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл.

Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылдың құрылымы 1-суретте келтірілген.



1-сурет. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылдың құрылымы

8. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл жалпы процесс шеңберінде іске асырылады. Жалпы процестің құрылымы Ақпараттық өзара іс-қимыл қағидаларында айқындалған.

9. Ақпараттық өзара іс-қимыл жалпы процесс транзакцияларының орындалу тәртібін айқындайды, олардың әрқайсысы жалпы процеске қатысушылар арасында

ақпараттық объектінің жай-күйін дәл сәйкестендіру мақсатында хабар алмасуды білдіреді. Әрбір ақпараттық өзара іс-қимыл үшін операциялар және осындай операцияларға сәйкес келетін жалпы процесс транзакциялары арасындағы өзара байланыс айқындалған.


10. Жалпы процесс транзакциясын орындау кезінде бастамашы өзі жүзеге асыратын операция (бастамашылық операция) шеңберінде респондентке сұрау салу хабарын жібереді, оған жауап ретінде респондент өзі жүзеге асыратын операция (қабылдаушы операция) шеңберінде жалпы процесс транзакциясының шаблонына қарай жауап хабар жіберуі немесе жібермеуі мүмкін. Хабар құрамындағы деректердің құрылымы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 5 шешімімен бекітілген "Кедендік декларацияларды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауыштарды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына (бұдан әрі – Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы) сәйкес келуге тиіс.

11. Жалпы процестің транзакциясы осы Регламентте айқындалғандай, жалпы процесс транзакцияларының берілген параметрлеріне сәйкес орындалады.

V. Рәсімдер топтары шеңберіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл

1. Сыныптауышта қамтылған мәліметтерді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына ұсыну кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл

12. Сыныптауышта қамтылған мәліметтерді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына ұсыну кезіндегі жалпы процесс транзакцияларының орындалу схемасы 2-суретте берілген. 2-кестеде жалпы процестің әрбір рәсімі үшін операциялар, жалпы процестің ақпараттық объектілерінің аралық және нәтижелейтін жай-күйлері және жалпы процесс транзакциялары арасындағы байланыс келтірілген.



2-сурет. Сыныптауышта қамтылған мәліметтерді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына ұсыну кезіндегі жалпы процесс транзакцияларының орындалу схемасы
2-кесте


Сыныптауышта қамтылған мәліметтерді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына ұсыну кезіндегі жалпы процесс транзакцияларының тізбесі

P/c №	Бастамашы орындайтын операция	Жалпы процестің ақпараттық объектісінің аралық жай-күйі	Респондент орындайтын операция	Жалпы процестің ақпараттық объектісінің нәтижелейтін жай-күйі	Жалпы процесс транзакциясы
1	2	3	4	5	6
1	Сыныптауыштың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат алу (P.CC.10.PRC.001)				
	Сыныптауыштың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау				

1.1	салу (P.CC.10. OPR.001). Сыныптауыштың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу (P.CC.10. OPR.003)	сыныптауыш туралы ақпарат (P.CC.10.BEN .001): сұрау салу жіберілді	сыныптауыштың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты өңдеу және ұсыну (P.CC.10. OPR .002)	сыныптауыш туралы ақпарат (P.CC.10.BEN .001): мәліметтер ұсынылды	сыныптауыштың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат алу (P.CC.10. TRN.001)
2	Сыныптауышта қамтылған мәліметтерді алу (P.CC.10.PRC.002)				
2.1	Сыныптауышта қамтылған мәліметтерге сұрау салу (P.CC .10.OPR.004). Сыныптауышта қамтылған мәліметтерді қабылдау және өңдеу (P.CC.10. OPR.006)	сыныптауыш (P.CC.10.BEN .002): мәліметтерге сұрау салынды	сыныптауышта қамтылған мәліметтерді өңдеу және ұсыну (P.CC.10. OPR.005)	сыныптауыш (P.CC.10.BEN .002): мәліметтер жоқ. Сыныптауыш (P.CC.10.BEN .002): мәліметтер ұсынылды	сыныптауышта қамтылған мәліметтерді алу (P.CC.10. TRN .002)
3	Сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алу (P.CC.10.PRC.003)				
3.1	Сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпаратқа сұрау салу (P.CC.10. OPR.007). Сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу (P.CC.10. OPR.009)	сыныптауыш (P.CC.10.BEN .002): мәліметтерге сұрау салынды	сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты өңдеу және ұсыну (P.CC.10. OPR .008)	сыныптауыш (P.CC.10.BEN .002): мәліметтер жоқ. Сыныптауыш (P.CC.10.BEN .002): мәліметтер ұсынылды	сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алу (P.CC.10. TRN.003)

2. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына сыныптауышта қамтылған мәліметтердің өзгеру фактісі туралы хабарлау кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл

13. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына сыныптауышта қамтылған мәліметтердің өзгеру фактісі туралы хабарлау кезіндегі жалпы процесс транзакцияларының орындалу схемасы 3-суретте берілген. 3-кестеде жалпы процестің әрбір рәсімі үшін операциялар, жалпы процестің ақпараттық объектілерінің аралық және нәтижелейтін жай-күйлері мен жалпы процесс транзакциялары арасындағы байланыс келтірілген.



3-сурет. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына сыныптауышта қамтылған мәліметтердің өзгеру фактісі туралы хабарлау кезіндегі жалпы процесс транзакцияларының орындалу схемасы

3-кесте

Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына сыныптауышта қамтылған мәліметтердің өзгеру фактісі туралы хабарлау кезіндегі жалпы процесс транзакцияларының тізбесі

Р/с №	Бастамашы орындайтын операция	Жалпы процестің ақпараттық объектісінің аралық жай-күйі	Респондент орындайтын операция	Жалпы процестің ақпараттық объектісінің нәтижелігін жай-күйі	Жалпы процесс транзакциясы
1	2	3	4	5	6
1	Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына сыныптауышта қамтылған мәліметтердің өзгеру фактісі туралы хабарлау (P.CC.10.PRC.005)				
1.1	Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына сыныптауышта қамтылған мәліметтердің өзгеру фактісі туралы хабарлау (P.CC.10.OPR.010)	—	сыныптауышта қамтылған мәліметтердің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу (P.CC.10.OPR.011)	сыныптауыш туралы ақпарат (P.CC.10.BEN.001): мәліметтер ұсынылды	сыныптауышта қамтылған мәліметтердің өзгеру фактісі туралы ақпарат алу (P.CC.10.TRN.004)

VI. Жалпы процесс хабарларының сипаттамасы

14. Жалпы процесті іске асыру кезінде ақпараттық өзара іс-қимыл жасау шеңберінде берілетін жалпы процесс хабарларының тізбесі 4-кестеде берілген. Хабарлар құрамындағы деректердің құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс. Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының

сипаттамасында тиісті құрылымға сілтеме 4-кестенің 3-бағанының мәні бойынша белгіленеді.

4-кесте


Жалпы процесс хабарларының тізбесі

Кодтық белгілеме	Атауы	Электрондық құжаттың (мәліметтердің) құрылымы
1	2	3
P.CC.10.MSG.001	сыныптауыштың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салу	анықтамалық деректерді жаңартудың жай-күйі (R.008)
P.CC.10.MSG.002	сыныптауыштың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат	анықтамалық деректерді жаңартудың жай-күйі (R.008)
P.CC.10.MSG.003	сұратылатын мәліметтердің жоқ екені туралы хабарлама	өңдеу нәтижесі туралы хабарлама (R.006)
P.CC.10.MSG.004	сыныптауышта қамтылған мәліметтерге сұрау салу	анықтамалық деректерді жаңартудың жай-күйі (R.008)
P.CC.10.MSG.005	сыныптауышта қамтылған мәлімет	анықтамалық деректер (R.003)
P.CC.10.MSG.006	сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпаратқа сұрау салу	анықтамалық деректерді жаңартудың жай-күйі (R.008)
P.CC.10.MSG.007	сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпарат	анықтамалық деректер (R.003)
P.CC.10.MSG.008	сыныптауышта қамтылған мәліметтердің өзгеру фактісі туралы ақпарат	анықтамалық деректерді жаңартудың жай-күйі (R.008)

VII. Жалпы процесс транзакцияларының сипаттамасы

1. "Сыныптауыштың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат алу" (P.CC.10.TRN.001) жалпы процесс транзакциясы

15. "Сыныптауыштың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат алу" (P.CC.10.TRN.001) жалпы процесс транзакциясы мүше мемлекеттің уәкілетті органының сұрау салуы бойынша Комиссияның тиісті ақпарат ұсынуы үшін орындалады. Жалпы процестің көрсетілген транзакциясының орындалу схемасы 4-суретте берілген. Жалпы процесс транзакциясының параметрлері 5-кестеде келтірілген.



4-сурет. "Сыныптауыштың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат алу" (Р.СС.10.TRN.001) жалпы процесс транзакциясының орындалу схемасы
5-кесте


"Сыныптауыштың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат алу" (Р.СС.10.TRN.001) жалпы процесс транзакциясының сипаттамасы

Р/с №	Міндетті элемент	Сипаттама
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	Р.СС.10.TRN.001
2	Жалпы процесс транзакциясының атауы	сыныптауыштың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат алу
3	Жалпы процесс транзакциясының шаблоны	сұрау салу/жауап
4	Бастамашылық рөл	бастамашы
5	Бастамашылық операция	сыныптауыштың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салу
6	Ден қою рөлі	респондент
7	Қабылдаушы операция	сыныптауыштың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты өңдеу және ұсыну
8	Жалпы процесс транзакциясының орындалу нәтижесі	Сыныптауыш туралы ақпарат (Р.СС.10.BEN.001): мәліметтер ұсынылды
9	Жалпы процесс транзакциясының параметрлері:	
	алынғанын растау уақыты	—
	өңдеуге қабылданғанын растау уақыты	1 мин
	жауап күту уақыты	5 мин

	авторландыру белгісі	ия
	қайталау саны	1 рет
10	Жалпы процесс транзакциясының хабарлары: бастамашылық хабар жауап ретіндегі хабар	сыныптауыштың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салу (P.CC.10.MSG.001) сыныптауыштың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат (P.CC.10.MSG.002)
11	Жалпы процесс транзакциясының параметрлері:	
	ЭЦҚ белгісі	жоқ
	электрондық құжатты дұрыс емес ЭЦҚ-мен беру	

2. "Сыныптауышта қамтылған мәліметтерді алу" (P.CC.10.TRN.002) жалпы процесс транзакциясы

16. "Сыныптауышта қамтылған мәліметтерді алу" (P.CC.10.TRN.002) жалпы процесс транзакциясы транзакциясы мүше мемлекеттің уәкілетті органының сұрау салуы бойынша Комиссияның тиісті мәліметтер ұсынуы үшін орындалады. Жалпы процестің көрсетілген транзакциясының орындалу схемасы 5-суретте берілген. Жалпы процесс транзакциясының параметрлері 6-кестеде келтірілген.




5-сурет. "Сыныптауышта қамтылған мәліметтерді алу" (P.CC.10.TRN.002) жалпы процесс транзакциясының орындалу схемасы
6-кесте

"Сыныптауышта қамтылған мәліметтерді алу" (P.CC.10.TRN.002) жалпы процесс транзакциясының сипаттамасы

Р/с №	Міндетті элемент	Сипаттама
1	2	3
1	Кодтық белгілеме	P.CC.10.TRN.002
2	Жалпы процесс транзакциясының атауы	сыныптауышта қамтылған мәліметтерді алу
3	Жалпы процесс транзакциясының шаблоны	сұрау салу/жауап
4	Бастамашылық рөл	бастамашы
5	Бастамашылық операция	сыныптауышта қамтылған мәліметтерге сұрау салу
6	Ден қою рөлі	респондент
7	Қабылдаушы операция	сыныптауышта қамтылған мәліметтерді өңдеу және ұсыну
8	Жалпы процесс транзакциясының орындалу нәтижесі	сыныптауыш (P.CC.10.BEN.002): мәліметтер жоқ сыныптауыш (P.CC.10.BEN.002): мәліметтер ұсынылды
9	Жалпы процесс транзакциясының параметрлері: алынғанын растау уақыты өңдеуге қабылданғанын растау уақыты жауап күту уақыты авторландыру белгісі қайталау саны	— 1 мин 5 мин жоқ 1 рет
10	Жалпы процесс транзакциясының хабарлары: бастамашылық хабар жауап ретіндегі хабар	сыныптауышта қамтылған мәліметтерге сұрау салу (P.CC.10.MSG.004) сыныптауышта қамтылған мәлімет (P.CC.10.MSG.005) сұратылатын мәліметтердің жоқ екені туралы хабарлама (P.CC.10.MSG.003)
11	Жалпы процесс транзакциясының параметрлері: ЭЦҚ белгісі электрондық құжатты дұрыс емес ЭЦҚ-мен беру	жоқ —

3. "Сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алу" (P.CC.10.TRN.003) жалпы процесс транзакциясы

17. "Сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алу" (P.CC.10.TRN.003) жалпы процесс транзакциясы мүше мемлекеттің уәкілетті органының сұрау салуы бойынша Комиссияның тиісті ақпарат ұсынуы үшін орындалады. Жалпы процестің көрсетілген транзакциясының орындалу схемасы 6-суретте берілген. Жалпы процесс транзакциясының параметрлері 7-кестеде келтірілген.



6-сурет. "Сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алу" (P.CC.10.TRN.003) жалпы процесс транзакциясының орындалу схемасы
7-кесте


"Сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алу" (P.CC.10.TRN.003) жалпы процесс транзакциясының сипаттамасы

Р/с №	Міндетті элемент	Сипаттама
1	2	3
1	Кодтық белгілеме	P.CC.10.TRN.003
2	Жалпы процесс транзакциясының атауы	сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алу
3	Жалпы процесс транзакциясының шаблоны	сұрау салу/жауап
4	Бастамашылық рөл	бастамашы
5	Бастамашылық операция	сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпаратқа сұрау салу
6	Ден қою рөлі	респондент

7	Қабылдаушы операция	сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты өңдеу және ұсыну
8	Жалпы процесс транзакциясының орындалу нәтижесі	сыныптауыш (P.CC.10.BEN.002): мәліметтер жоқ сыныптауыш (P.CC.10.BEN.002): мәліметтер ұсынылды
9	Жалпы процесс транзакциясының параметрлері: алынғанын растау уақыты өңдеуге қабылданғанын растау уақыты жауап күту уақыты авторландыру белгісі қайталау саны	— 1 мин 5 мин жоқ 1 рет
10	Жалпы процесс транзакциясының хабарлары: бастамашылық хабар жауап ретіндегі хабар	сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпаратқа сұрау салу (P.CC.10.MSG.006) сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпарат (P.CC.10.MSG.007) сұратылатын мәліметтердің жоқ екені туралы хабарлама (P.CC.10.MSG.003)
11	Жалпы процесс транзакциясының параметрлері: ЭЦҚ белгісі электрондық құжатты дұрыс емес ЭЦҚ-мен беру	жоқ —

4. "Сыныптауышта қамтылған мәліметтердің өзгеру фактісі туралы ақпарат алу" (P.CC.10.TRN.004) жалпы процесс транзакциясы

18. "Сыныптауышта қамтылған мәліметтердің өзгеру фактісі туралы ақпарат алу" (P.CC.10.TRN.004) жалпы процесс транзакциясы мүше мемлекеттің уәкілетті органына Комиссияның тиісті ақпарат ұсынуы үшін орындалады. Жалпы процестің көрсетілген транзакциясының орындалу схемасы 5-суретте берілген. Жалпы процесс транзакциясының параметрлері 6-кестеде келтірілген.



7-сурет. "Сыныптауышта қамтылған мәліметтердің өзгеру фактісі туралы ақпарат алу" (P. CC.10. TRN.004) жалпы процесс транзакциясының орындалу схемасы
8-кесте

"Сыныптауышта қамтылған мәліметтердің өзгеру фактісі туралы ақпарат алу" (P. CC.10. TRN .004) жалпы процесс транзакциясының сипаттамасы

Р/с №	Міндетті элемент	Сипаттама
1	2	3
1	Кодтық белгілеме	P. CC.10. TRN.004
2	Жалпы процесс транзакциясының атауы	сыныптауышта қамтылған мәліметтердің өзгеру фактісі туралы ақпарат алу
3	Жалпы процесс транзакциясының шаблону	құлақтандыру
4	Бастамашылық рөл	бастамашы
5	Бастамашылық операция	мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына сыныптауышта қамтылған мәліметтердің өзгеру фактісі туралы хабарлау
6	Ден қою рөлі	респондент
7	Қабылдаушы операция	сыныптауышта қамтылған мәліметтердің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу
8	Жалпы процесс транзакциясының орындалу нәтижесі	сыныптауыш туралы ақпарат (P. CC.10. BEN.001): мәліметтер ұсынылды
	Жалпы процесс транзакциясының параметрлері: алынғанын растау уақыты	 5 мин

9	өңдеуге қабылданғанын растау уақыты	—
	жауап күту уақыты	жоқ
	авторландыру белгісі	1 рет
	қайталау саны	
10	Жалпы процесс транзакциясының хабарлары:	сыныптауышта қамтылған мәліметтердің өзгеру фактісі туралы ақпарат (P.CC.10.MSG.008)
	бастамашылық хабар	
	жауап ретіндегі хабар	жоқ
11	Жалпы процесс транзакциясының параметрлері:	
	ЭЦҚ белгісі	жоқ
	электрондық құжатты дұрыс емес ЭЦҚ-мен беру	—

VIII. Штаттан тыс жағдайлардағы іс-қимыл тәртібі

19. Жалпы процесс шеңберіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл кезінде деректерді өңдеуді әдеттегі режимде жүргізу мүмкін болмайтын штаттан тыс жағдай орын алуы мүмкін. Штаттан тыс жағдай техникалық іркіліс, күту уақытының өтуі кезінде және өзге де жағдайларда туындайды. Жалпы процеске қатысушы штаттан тыс жағдайдың туындау себептері туралы түсініктемелер мен оны шешу жөніндегі ұсынымдарды алуы үшін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесін қолдау қызметіне тиісті сұрау салуды жіберуі мүмкіндігі көзделген. Штаттан тыс жағдайды шешу жөніндегі жалпы ұсынымдар 9-кестеде келтірілген.

20. Мүше мемлекеттің уәкілетті органы қате туралы хабарламаның алынуына себепші болған хабарды Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына және осы Регламенттің IX бөлімінде көрсетілген электрондық құжаттар мен мәліметтерді толтыруға қойылатын талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізеді. Егер көрсетілген талаптарға сәйкессіздік анықталған жағдайда, мүше мемлекеттің уәкілетті органы анықталған қатені жою үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды. Егер сәйкессіздік анықталмаса, мүше мемлекеттің уәкілетті органы сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесін қолдау қызметіне осы штаттан тыс жағдайды сипаттай отырып хабар жібереді.

9-кесте

Штаттан тыс жағдайлардағы іс-қимыл

Штаттан тыс жағдайдың коды	Штаттан тыс жағдайдың сипаттамасы	Штаттан тыс жағдайдың себептері	Штаттан тыс жағдай туындаған кездегі іс-қимылдардың сипаттамасы
1	2	3	4
P.EXC.002	жалпы процестің екі жақты транзакциясының бастамашысы келісілген қайталану саны өткеннен кейін жауап ретіндегі хабарды алмады	көлік жүйесіндегі техникалық іркіліс немесе бағдарламалық қамтамасыз етудің жүйедегі қатесі	хабар қалыптастырылған, ұлттық сегментті техникалық қолдау қызметіне сұрау салу жіберу қажет
P.CC.10.EXC.002	респонденттен жауап ретіндегі хабарды өңдеу кезінде бастамашының ақпараттық жүйесінде қате орын алды	анықтамалықтар мен сыныптауыштар үндестірілмеген немесе электрондық құжаттың (мәліметтердің) XML-жүйесі жаңартылмаған, жалпы процесс транзакциясының бастамашысы тарапында хабарды өңдеу кезіндегі ішкі қате	хабар қалыптастырылған, ұлттық сегментті техникалық қолдау қызметіне сұрау салу жіберу қажет
P.EXC.004	жалпы процестің екі жақты транзакциясының бастамашысы қате туралы хабарлама алды	анықтамалықтар мен сыныптауыштар үндестірілмеген немесе электрондық құжаттың (мәліметтердің) XML-жүйесі жаңартылмаған	бастамашы пайдаланылатын анықтамалықтар мен сыныптауыштарды үндестіруі немесе электрондық құжаттың (мәліметтердің) XML-жүйесін жаңартуы қажет. Егер анықтамалықтар мен сыныптауыштар үндестіріліп, электрондық құжаттың (мәліметтердің) XML-жүйесі жаңартылса, қабылдайтын қатысушыны қолдау қызметіне сұрау салу жіберу қажет

IX. Электрондық құжаттар мен мәліметтерді толтыруға қойылатын талаптар

21. "Сыныптауыштың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салу" (P.CC.10.MSG.001) хабарында берілетін "Анықтамалық деректерді жаңартудың

жай-күйі" (R.008) электрондық құжаттар (мәліметтер) деректемелерін толтыруға қойылатын талаптар 10-кестеде келтірілген.

10-кесте

"Сыныптауыштың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салу" (P.CC.10.MSG.001) хабарында берілетін "Анықтамалық деректерді жаңартудың жай-күйі" (R.008) электрондық құжаттар (мәліметтер) деректемелерін толтыруға қойылатын талаптар

Талаптар коды	Талаптардың тұжырымдалуы
1	"Анықтамалықтың немесе сыныптауыштың сәйкестендіргіші" (csdo:ReferenceDataId) деректемесі міндетті түрде толтырылады және Еуразиялық экономикалық одақтың нормативтік-анықтамалық ақпарат тізілімінен сыныптауыштың кодтық белгілемесін қамтиды
2	"Жаңартылған күні мен уақыты" (csdo:UpdateDateTime) деректемесі толтырылмайды
3	"Одақтың актісі туралы мәліметтер" (ccdo:EAEUDocDetails) деректемесі толтырылмайды

22. "Сыныптауышта қамтылған мәліметтерге сұрау салу" (P.CC.10.MSG.004) хабарында берілетін "Анықтамалық деректерді жаңартудың жай-күйі" (R.008) электрондық құжаттар (мәліметтер) деректемелерін толтыруға қойылатын талаптар 11-кестеде келтірілген.

11-кесте

"Сыныптауышта қамтылған мәліметтерге сұрау салу" (P.CC.10.MSG.004) хабарында берілетін "Анықтамалық деректерді жаңартудың жай-күйі" (R.008) электрондық құжаттар (мәліметтер) деректемелерін толтыруға қойылатын талаптар

Талап коды	Талаптардың тұжырымдалуы
1	"Анықтамалықтың немесе сыныптауыштың сәйкестендіргіші" (csdo:ReferenceDataId) деректемесі міндетті түрде толтырылады және Еуразиялық экономикалық одақтың нормативтік-анықтамалық ақпарат тізілімінен сыныптауыштың кодтық белгілемесін қамтиды
2	сыныптауышта қамтылған мәліметтердің толық құрамын ұсынуға арналған сұрау салуда "Жаңартылған күні мен уақыты" (csdo:UpdateDateTime) деректемесі толтырылмайды
3	сыныптауышта қамтылған мәліметтердің толық құрамын ұсынуға арналған сұрау салуда "Жаңартылған күні мен уақыты" (csdo:UpdateDateTime) деректемесі белгілі бір күнге міндетті түрде толтырылады
	сыныптауышта қамтылған мәліметтердің толық құрамын ұсынуға арналған сұрау салуда "Актінің

4	нөмірі" (csdo:EAEUDocId) деректемесі толтырылмайды
5	сыныптауышта қамтылған мәліметтердің толық құрамын ұсынуға арналған сұрау салуда "Актінің күні" (csdo:EAEUDocCreationDate) деректемесі толтырылмайды
6	анықтамалық деректер енгізілген нормативтік құқықтық актінің нөмірі бойынша, сыныптауышта қамтылған мәліметтерге сұрау салуда "Актінің нөмірі" (csdo:EAEUDocId) деректемесі міндетті түрде толтырылады және анықтамалық деректер енгізілген нормативтік құқықтық актінің нөмірі қамтылады
7	анықтамалық деректер енгізілген нормативтік құқықтық актінің нөмірі бойынша, сыныптауышта қамтылған мәліметтерге сұрау салуда "Актінің күні" (csdo:EAEUDocCreationDate) деректемесі міндетті түрде толтырылады және анықтамалық деректер енгізілген нормативтік құқықтық актінің қабылданған күні қамтылады
8	анықтамалық деректер енгізілген нормативтік құқықтық актінің нөмірі бойынша, сыныптауышта қамтылған мәліметтерге сұрау салуда "Акті түрінің коды" (csdo:EAEUDocKindCode) деректемесі міндетті түрде толтырылады және анықтамалық деректер енгізілген нормативтік құқықтық акті түрінің коды қамтылады
9	анықтамалық деректер енгізілген нормативтік құқықтық актінің нөмірі бойынша, сыныптауышта қамтылған мәліметтерге сұрау салуда "Одақтың актіні қабылдаған органының сәйкестендіргіші" (csdo:EAEUDocIssuerId) деректемесі міндетті түрде толтырылады және анықтамалық деректер енгізілген нормативтік құқықтық акті түрінің коды қамтылады
10	"Актінің қолданылу мерзімінің өту күні" (csdo:EAEUDocValidityDate) деректемесі толтырылмайды
11	"Сипаттама" (csdo:DescriptionText) деректемесі толтырылмайды

23. "Сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпаратқа сұрау салу" (P.CC.10.MSG.006) хабарында берілетін "Анықтамалық деректерді жаңартудың жай-күйі" (R.008) электрондық құжаттардың (мәліметтердің) деректемелерін толтыруға қойылатын талаптар 12-кестеде келтірілген.

12-кесте

"Сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпаратқа сұрау салу" (P.CC.10.MSG.006) хабарында берілетін "Анықтамалық деректерді жаңартудың жай-күйі" (R.008) электрондық құжаттардың (мәліметтердің) деректемелерін толтыруға қойылатын талаптар

--	--

Талап коды	Талаптардың тұжырымдалуы
1	"Анықтамалықтың немесе сыныптауыштың сәйкестендіргіші" (csdo:ReferenceDataId) деректемесі міндетті түрде толтырылады және Еуразиялық экономикалық одақтың нормативтік-анықтамалық ақпарат тізілімінен сыныптауыштың кодтық белгілемесін қамтиды
2	анықтамалық деректер енгізілген нормативтік құқықтық актінің нөмірі бойынша, сыныптауышта қамтылған мәліметтерге сұрау салуда "Актінің нөмірі" (csdo:EAEUDocId) деректемесі міндетті түрде толтырылады және анықтамалық деректер енгізілген нормативтік құқықтық актінің нөмірі қамтылады
3	анықтамалық деректер енгізілген нормативтік құқықтық актінің нөмірі бойынша, сыныптауышта қамтылған мәліметтерге сұрау салуда "Актінің күні" (csdo:EAEUDocCreationDate) деректемесі міндетті түрде толтырылады және анықтамалық деректер енгізілген нормативтік құқықтық актінің қабылданған күні қамтылады
4	анықтамалық деректер енгізілген нормативтік құқықтық актінің нөмірі бойынша, сыныптауышта қамтылған мәліметтерге сұрау салуда "Акті түрінің коды" (csdo:EAEUDocKindCode) деректемесі міндетті түрде толтырылады және анықтамалық деректер енгізілген нормативтік құқықтық акті түрінің коды қамтылады
5	анықтамалық деректер енгізілген нормативтік құқықтық актінің нөмірі бойынша, сыныптауышта қамтылған мәліметтерге сұрау салуда "Одақтың актіні қабылдаған органының сыныптауышы" (csdo:EAEUDocIssuerId) деректемесі міндетті түрде толтырылады және Одақтың анықтамалық деректер енгізілген нормативтік құқықтық актіні қабылдаған органының коды қамтылады
6	"Жаңарту күні мен уақыты" (csdo:UpdateDateTime) деректемесі міндетті түрде толтырылады және сыныптауыштың өзгерістеріне сұрау салынған жағдайда, сыныптауышта қамтылған өзгертілген мәліметтер ұсынылған кезден бастап, мүше мемлекеттің уәкілетті органында сыныптауышта қамтылған мәліметтердің жаңартылған күні мен уақыты қамтылады
7	құжатта анықтамалық деректер енгізілген нормативтік құқықтық актінің деректемелері бір мезгілде толтырылмайды ("Актінің нөмірі" (csdo:EAEUDocId), "Актінің күні" (csdo:EAEUDocCreationDate), "Акті түрінің коды" (csdo:EAEUDocKindCode), "Одақтың актіні қабылдаған

	органының сыныптауышы" (csdo:EAEUDocIssuerId) деректемелері), және "Жаңарту күні мен уақыты" (csdo:UpdateDateTime) деректемесі)
8	"Актінің қолданылу мерзімінің өту күні" (csdo:EAEUDocValidityDate) деректемесі толтырылмайды
9	"Сипаттама" (csdo:DescriptionText) деректемесі толтырылмайды

24. "Сыныптауышта қамтылған мәліметтердің өзгеру фактісі туралы ақпарат" (P.CC.10.MSG.008) хабарында берілетін "Анықтамалық деректерді жаңартудың жай-күйі" (R.008) электрондық құжаттардың (мәліметтердің) деректемелерін толтыруға қойылатын талаптар 13-кестеде келтірілген.

13-кесте

"Сыныптауышта қамтылған мәліметтердің өзгеру фактісі туралы ақпарат" (P.CC.10.MSG.008) хабарында берілетін "Анықтамалық деректерді жаңартудың жай-күйі" (R.008) электрондық құжаттардың (мәліметтердің) деректемелерін толтыруға қойылатын талаптар

Талап коды	Талаптардың тұжырымдалуы
1	"Анықтамалықтың немесе сыныптауыштың сәйкестендіргіші" (csdo:ReferenceDataId) деректемесі міндетті түрде толтырылады және Еуразиялық экономикалық одақтың нормативтік-анықтамалық ақпарат тізілімінен сыныптауыштың кодтық белгілемесін қамтиды
2	"Жаңарту күні мен уақыты" (csdo:UpdateDateTime) деректемесі міндетті түрде толтырылады және Комиссияда сыныптауышты соңғы жаңарту күні мен уақыты қамтылады
3	"Одақтың актісі туралы мәліметтер" (csdo:EAEUDocDetails) деректемесі толтырылмайды

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2016 жылғы 19 қаңтардағы
№ 5 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

"Кедендік декларацияларды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауыштарды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының СИПАТТАМАСЫ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Сипаттама Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) құқығына кіретін мына актілерге сәйкес әзірленді:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Жалпы процестерді сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестердің тізбесі және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үндестіру және сипаттау әдістемесі туралы" 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімі.

II. Қолданылу саласы

2. Осы Сипаттама "Кедендік декларацияларды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауыштарды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесі (бұдан әрі – жалпы процесс) шеңберінде ақпараттық өзара іс-қимыл кезінде пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарына қойылатын талаптарды айқындайды.

3. Осы Сипаттама жалпы процесс рәсімдерін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің (бұдан әрі – интеграцияланған жүйе) құралдарымен іске асыру кезінде ақпараттық жүйелердің құрамдастарын жобалау, әзірлеу және пысықтау кезінде қолданылады.

4. Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы қарапайым (атомарлық) деректемелерге дейін иерархия деңгейлері ескеріле отырып, толық деректемелік құрам көрсетілген кесте нысанында келтіріледі.

5. Кестеде электрондық құжаттардың (мәліметтердің) деректемелері (бұдан әрі – деректемелер) мен деректер моделінің элементтерінің нақты сәйкестігі сипатталады.

6. Кестеде мынадай жолдар (бағандар) қалыптастырылады:

"иерархиялық нөмір" – деректеменің реттік нөмірі;

"деректеменің аты" – деректеменің қалыптасқан немесе ресми сөздік белгісі;

"деректеменің сипаттамасы" – деректеменің мағынасын (семантикасын) түсіндіретін мәтін;

"сәйкестендіргіш" – деректемеге сәйкес келетін деректер моделіндегі деректер элементінің сәйкестендіргіші;

"мәндер саласы" – деректеменің ықтимал мәндерінің сөздік сипаттамасы;

"көпт." – деректемелердің көптігі: деректеменің ықтимал қайталану саны және міндеттілігі (опционалдығы).

7. Деректемелердің көптігін көрсету үшін мынадай белгілер пайдаланылады:

1 – деректеме міндетті, қайталауға жол берілмейді;

n – деректеме міндетті, n рет қайталануға тиіс ($n > 1$);

1..* – деректеме міндетті, шексіз қайталануы мүмкін;

n ..* – деректеме міндетті, кемінде n рет қайталануға тиіс ($n > 1$);

n .. m – деректеме міндетті, кемінде n рет қайталануға және m реттен көп қайталанбауға тиіс ($n > 1, m > n$);

0..1 – деректеме опционалды, қайталауға жол берілмейді;

0..* – деректеме опционалды, шексіз қайталануы мүмкін;

0.. m – деректеме опционалды, m реттен көп қайталауға болмайдын ($m > 1$).

